



## ҒИБРАТТЫ ОЛЖА

**Тұрсынбек КӘКШЕВ, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.**

Ойламаған жерден үлкен олжаға кенелдім. Оқу жылы аяқталып, демалысқа шығайын деп жатқанда Алматы қаласының әкімдігінен Жүнісбек деген жігіт: “Сіздерге 5 шілдеден 18 шілдеге дейін “Алатау” санаторийінде ем-дом қабылдаудың сәті түсіп тұр. Жолдаманы қашан апарып берейін?”, деді.

Мен Қазақтың ұлттық университетіндегі ғылыми кеңестен келе жатқанда жігіт ағасы болып қалған орта бойлы, толықтау, сарғыш өңді азамат қазақша сәлем берді. Шайға тоқтатайын десем де талай жанға жақсылық таратып жүргені қолындағы қағаздарынан аңғарылып қалды.

Сонымен көп ұзамай “Алатау” санаторийінің төрінен орын алып та үлгердік. Қазақтың небір жақсысы мен жайсаңын тау баурайында демалуға шақырған қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов екен.

Бұйырғаны сол шығар, түскі тағамға келгенде төрде отырған қазақтың атақты әншісі, мемлекетіміздің халық әртісі, былтыр ғана 90 жылдығын атағанда “Тоқсан жас дегенің түк те емес екен ғой”, деп ел-жұртты таңғалдырған Кәукен Кенжетаев ағаның қасынан орын тиді.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов оң жақтан келіп жайғасты. Дөңгелек үстелдің қай жері болса да дидарласуға өте қолайлы ғой, бізбен иықтасып атақты архитектор Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлиханов, Біржан сал, Ақан сері, Мұхиттардың баға жетпес мұрасын жарты ғасырдан бері насихаттаудан жалықпай келе жатқан атақты композитор-жазушы Ілия Жақанов, ақылды келінім Тиыш және Кәукен ағайдың Әсел есімді немересімен дастархандас болудың сәті Күләш екеуімізге бұйырды.

“Жақсы жерге жатсаң жақсы түс көресің” деген сөз рас екен, екі жұмада айтылмаған ой, құрмаған әңгіме-дүкен қалмады. Кейбір абысындар ем-дом қабылдағанда да, бассейнге сағаттап шомылғанда да таусылмаған әңгімелерін есіктің алдында жалғастырғанын да көз көрді. Біздің ортаға орналасқан дастарханымыздың басы осындай болса, қалған төрт дөңгелек үстелде ылғи ығай мен сығайлар, қазақ мәдениетінің ғылым-білімі мен әдебиетінің қаймақтары отырды. 12 ақын-жазушы, 5 академик, екі профессор, 3 заңгер, 3 актер, 2 медик жиналыпты.

Алғашқы танысу дастарханын қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов өзі ашпақ екен, бірақ Астана мен Президенттің туған күнінің құрметіне шақырылып кетіпті. “Алатау” санаторийінің есігі ашылғаннан бері басшы болып келе жатқан, әдейілеп іздесе кемшілік таба алмайтын шипажайды жайнатып қойған медицина ғылымдарының докторы, иманжүзді Оразкелді Түктібаев пен қала әкімінің сенімді серігі Жүнісбек Сұлтанмұратов екеуі өте мәдениетті қонақасы берді. Бүкіл қазақтың ақсақалына айналған, әлі күнге дейін зор абыройға ие Бәйкен Әшімов Иманғалидың өтініші бойынша дастархан мәзірін үлкен тебіреніспен ашты. Бұрыннан бірін-бірі білетін, қайсыбіреулері аяқ-табақ араластырып жүретін ағайындар күлімдеген көздерімен көп нәрсені ұқтырып, әкімдіктің бұл қадамын айрықша құптайтындықтарын білдіріп жатты.

Ортамыздағы жалғыз Иван Щеголихинді нағашысындай көретін қазақтар қалай шақырыспай отыра алсын. Бастама өзінің баспасы бар, романист жазушы Қоғабай Сәрсекеев тарапынан жасалды. Алты ай күтілген дөненнің егі мүше-мүшесімен алдымызға келгенде қазақтардың улап-шулап кететінін білетіндіктен, біраз қарқындап алғандарын тосып, үшінші болып сөзге араластым.

– Мен жарамсақ адаммын, – деп жан-жағыма қарасам танитындары мырс-мырс күліп, менің мінезімнен хабары жоқтар тіксіне қарап қалыпты. – Иә, мен жағымпазбын, – деп қайталап алдым да, әңгімені әріден бастадым. – Иманғали Атырау облысының әкімі

болып тұрғанда қазақ еліне өте-мөте керекті бір бастама жасады. Қазақ мәдениетіне еңбегі сіңген, әлі де талай игілікті істерге мұрындық болып, дұрыс жөн-жоба көрсете алатын біраз азаматтарды шақырып алып, үй-жай берді, жағдай жасады. Атырау қаласында үлкен рухани орталық жасауды ойластырды. Жасады да, бірақ игі істі ары қарай дамытып әкетуге келгенде қазақтың пыш-пышы қалған ба, “жерлестерін әкетіп жатыр” деген сумандаған сөздер қырсығын тигізді. Өңгені қойып, өмірдің өнегесін былай қойғанда, бір кезде зорлықпен “ағамыз” болған, бүгінгі тату-тәтті көршіміз Ресейдің Петербургі, Оралы, Сібірі, Қиыр Шығысындағы орталықтардың не үшін құрылғанын түсінбейтіндердің кесірі тиді. Совет заманында Алматыға бар өнерпазды шоғырландырып, басқа аймақтарға өктемдік жасайтын дәуірдің өткенін қалай түсінбедік?!

Біздің осы басқосуымыздан қазып тағы бірдемені іздеп табуға тырыспай, жақсылықтың нышаны деп үлгі-өнеге ретінде қабылдаса құдайдың бергені. Онсыз да жем болып жатқан қазақ байлығы мұндайдан ортайып қалмайды. Жетелі басшылар жер-жерде осындай қауымдасуға жағдай жасап, зиялылардың айтқан ойларын біліп отырса, оллаһи, зиян шекпейді. Иманғалидың осы бастамасын қолдайтын жетелілер көп болғай, – деген “жарамсақтау” сөзімді аяқтадым. Ет қанша тәтті болса да ауыздар аз уақытқа қозғалмай, құлақ байғұсқа күш түскенін аңғардым.

Қонақасы берудің кезегін теңдесі жоқ өнерпаз, Асанәлі Әшімов өзінің әсем Бағдаты мен қарындасы Амантаймен, тамаша әртіс, көркемсөз бен әсем әнді көрермен мен тындаушысына айызын қандыра жеткізетін Сәбит Оразбаев өзінің Светасымен күн аралатпай атқарып тастады. Сәбит Германияда белдемесіне операция жасатқанда айтқан құдайысының жөні осы қауымға жүзеге асатынын кешегі жыраулар мен бүгінгі ойлы ақындардың жыр шумақтарымен жеткізгенде ішпей-жемей тойдық.

Қонақасы берудің қызығы бізге де жетті. Қайталамаудың жайын Күләш қатты ойластырды. Осы уақытқа дейін дастарханым қонақтан ортайып көрмеген маған қатты ұнады. Күні бұрын ас мәзірін өткізуді міндеттеген шәкіртім, қазақтың қазіргі айтыс өнерінің ақтаңгері болып қалған Дәулеткерей Кәпұлының мәшинесі үлгермеген соң туған апасы Бұлбұлдың өзін де, мәшинесін де ағайындардың жабдығына жегуге тура келді.

Әйтеуір өзгеше болсын деген ой қазақы астау іздетті. Өзіміздің керей табақтарымызбен астау-астау асты келістіре тарттық деп білемін. Рас, кіріспе сөзімді келістіріп айта алмадым. Жүрексінген жоқпын, ылғи ығай мен сығай: Салық Зиманов, Төрелелді Шарманов, Әбіш Кекілбаев, армия генералы, өзімнің жерлесім Сағадат Нұрмағамбетов, бір өзі бірнеше білімпаздың сөзін айтып бере алатын өзімнің академик жеңгем Әлия Сәрсенқызы Бейсенова, оның жары, менің түйдей құрдасым, әріптесім, академик Серік Қирабаев, қазақ тарихында Петербург сахнасында тұңғыш рет пьесасы қойылып, елге үлкен абырой әкелген әйгілі драматург-жазушы Дулат Исабеков, қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Тұманбай Молдағалиев өзінің Күлтайымен, астаналық Ақселеу Сейдімбек, Қойшығара Салғарин және Төлен Әбдіков сынды сөз зергерлері өзімнің келіндеріммен отырған соң дегбірім ептеп қашып, сөзім ала-құла шыққанын жасырмайын. Бізден кейінгі кезек 10,5 мың операциямен талай өндірі өлім тырнағынан алып қалған шын мәніндегі атақты балалар дәрігері, академиктігін адал еңбегімен ғана емес, азаматтық өрен ойымен, өрелі мақалаларымен танытып жүрген Камал Ормантаевқа тиді. Көсіле сөйлеуде кенделік жоқ.

Камалмен менің жақын таныстығым жоқ, аяқ-табағымыз араласпаған жандармыз. Кездесіп қалғанда сәлемдескеннен басқаны жасап көрген емеспін. Алайда Камалды өзімнің жорықтас жолдасым деп білемін. Камал інімнің іс-әрекетіне, сөзіне имандай сенемін. Игі іске бастайтын, ұлт намысын қайрайтын зиялылар ұйымын құрсақ, жалғыз Назарбаевты шырылдатып қоймай, ақыл-кеңес беретін шын отаншыл зиялылардың клубын ашсақ қайтеді. Сөйтіп, елге пайдамызды тигізейік деген ойым далаға кетпес деп білемін.

Бір-бірімізді бұрыннан танитындарымыздың жаңа қырын аңғарып, алыстан көрісетініміз кейде өкінетінін, кейде қуанатынын білдіріп жаттық. Мен үшін танитын да, танымайтын

да жат емес екенін досым түгіл, қасыма дейін түгелдей біледі. Осындай ұйымдасқан уақытта әрқайсымыз өз білігімен күн көре алатындығын ұмытып, баяғы қазақтың қауымдасып, үлкен-кіші болатындығын, ақылды іс-ниетке тоқтап, қошемет көрсететіндігін, қызмет, ақша арқылы ардақтаудың орынсыз екенін бір-бірімізге кештеу болса да ұқтырғандай болдық.

Біздің қайтар күнімізге қала әкімі келеді екен деген ұзынқұлақ шындық болып шықты. Тайлы-таяғымызбен айтылған мезгілде тосып алдық.

Біз жайғасқан үстел бөлменің кіндігі болған соң төрдегі Кәукен ағаның жанына Иманғали ініміз келіп отырды. Әрқайсымыз өз орнымызға жайғасқаннан кейін Иманғали бірден орнынан тұрып, таза қазақы мақаммен, жанға жайлы мәнермен сөз бастады.

– Сіздердің жай-күйлеріңізді мына Ораздан сұрап біліп отырмын. Мен жайында кім не деп пікір айтқандарын да естіп жатырмын. Орысша айтқанда, сіздерден кезекті дифирамб естимін деп емес, ақыл-кеңестеріңізді, өтініш-тілектеріңізді қазақ марқасқаларының аузынан өз құлағыммен есітейін деп келдім. “Алатаудың” ауасы Алматыдан әлдеқайда жақсы екендігін ажар кіре бастаған жүздеріңізден, күлімдеген көздеріңізден, шипаланған ажарларыңыздан көрініп, қуанып отырмын. Сіздердің тәни және рухани саулықтарыңыз үшін! – деп алдындағы рюмканы биік көтерді де алып кеп жіберді. Сол кезде отырғандардың көбі “өзіміздің азаматымыз екен ғой” деп тостағандарын төңкеріп, әкімнен қысылып-қымтырылмай көңіл көтеруге болатынына сене түсті.

Үлкенін сыйлап қалған елміз ғой. Олар да көп тостыра қойған жоқ. Кәукен, Салық, Әзілхандардан кейін кезек маған тиді. Ол ағаларым мынау демалысымыз осы уақытқа дейін кездеспеген құбылыс екенін жеріне жеткізе айтқанда бар сөзді ынта қойып тыңдаған Иманғали: “Құдай мүмкіндік берсе ендігі жылы шілде айында осы әрекетті осы құрамда тағы бір қайталаудың сәті түсер”, деп естірте мәлімдеді.

Оған қуанғандықтан емес, әлгінде ғана өзіміздің бөлмелерімізде өткізетін әуелгі “кіші жиналыста” отырғанда жеткен жайсыз хабарды ертеңгі ресми әңгімеге қалдырмай, әкімнің пікірін бүгін біліп алуға талаптандым.

– Қалалық әкімдіктің мәдениет департаменті қалаға бағынатын мұражайлардың мәселесін оңтайландыру ісіне кіріскен екен. Ахмет Байтұрсыновтың музейін саяси қуғын-сүргінге түскендер мұражайына қосып, экспонаттарын бір бөлмеге шақтап қоймақ көрінеді. Қайраткердің ұлы-кішісіне назар аудармай, теңгермеге салушылық қайдан шыққан осы?! – деп екпіндете бастағанында Иманғали орнынан тұрып:

– Біріншіден, бұл хабарды сізден жаңа ғана естіп тұрмын. Сізге даурықтыра жеткізген болар. Екіншіден, Ахаң мұражайы екі рет жөндеуден өтті. Алғашқыда көргенімде жөндеу немқұрайды деңгейде, жеңіл-желпі жасалғанына көңілім толмай, қайтадан жасаттым. Өзім барып көрдім. Ахаңнан қалған экспонат аз екен. Әрине, оны көбейтуге болады, тіпті менің өзімде Ахаңның пенсенесі (көзәйнегі) бар, ондайды жинастырып жүретінімнен хабардарсыз ғой. Үшіншіден, әрине, Ахаңның орны басқалардан алабөтен бөлек қой, сондықтан қосып жіберу, өзгелермен тең ұстау обал, ондай шараға бара қоймаспыз. Ертең анықтаймын, – деп орнына отырды. Менімен иықтасып тұрғанда сөз сөйлегендіктен бе, әлде мәселенің аяқ астынан шыға келгендігінен бе сәл қобалжу сезіліп тұрды. Иманғалидың: “Мен сіздерден мадақ естуге емес, тілектеріңізді естуге келдім”, дегені менің былай қарағанда “болмашыны” айтуыма себепкер болды.

– Мен Құрманғазы көшесіне жақын тұрамын. Керемет жөнделіп жатыр. Көпірі қайта салынғаннан кейін Абай даңғылына ептеп жеңілдік келтірері сөзсіз. Қала көшелеріне, аулаларына көз салып жүргеніңе Алла разы болсын. Ал мен сияқты жаяу профессорлар көшемен емес, тротуармен жүреді ғой. Анда-мында шыққанда тротуармен жүргенде берекеміз қашады. Жалғыз аяқ тұтпа соқпақтар қалада аз болмаса керек. Осыған да бір назар аударып қойсаңыздар, сіздердің тақтақ жолмен келе жатқан мәшинелеріңізден кем зырғымас едік, – деп ойымды қалжыңмен жеткізгенімді дастархандастарым жарқын күлкілерімен қостағандай болды.

– Бұл пікіріңізді де ескереміз, – дегені жадау көңілге жамау болғандай естілді.

Басқалардың берген асын, онда кімнің қалай сөйлегенін тәптіштемей, өз ойымды ғана айтумен шектелуім әдептен асып кеткендік деп есептемеймін. Өзімдікінің оң-терісін өзім көтеремін ғой, ал басқалардың сөзін, ойын дұрыс жеткізбей дауға қалар жайым жоқ. Қазақтың игі жақсылары айтқан әсерлі әңгімелер дәйім құлақта жүрерін ғана сүйсіне сөз етуді жөн көремін.

Қайбір күні “Қазақстан” телеарнасының журналистері: Зиялылардың ұжымдаса демалғаны болашақ істеріңізге жәрдем тигізе ме екен? – деген сауал қойғанда, басқаларды білмеймін, өзім бұрын сырттай танитындардың сырын білуге, парасатын парықтауға мүмкіндік алғанымды, ал бұрыннан қыры-сыры мәлімдердің жаңа бір қияпатын көргенде таңғалғанымды жасырмадым. Ал болашақтағы іс-жоспарыма келсек, біраз дүние ойда бар. Солардың бірі – өткен жылы жарық көрген Сәбит Мұқанов туралы ғұмырбаяндық кітабымды сонау жылғы “Сәкен Сейфуллин” сияқты Мәскеудің “Молодая гвардия” баспасындағы “Жизнь замечательных людей” атты аса беделді сериямен шығарсам деген ой. Жақында Иван Шуховтың 100 жылдық тойына Солтүстік Қазақстанға шақырып жатыр. Сол сапарда өзім көптен білетін, іс-әрекетіне сырттай сүйсініп жүретін (сондай ісінің бірі – Нәзір Төреқұлов туралы кітап жазып, жаңағы “ЖЗЛ” сериясымен шығартқандығы) інім, облыс әкімі Тайыр Мансұровқа осы ойымды айтып, кітапқа жанашырлық көрсетуін сұрау ойда бар. Сәбит туған өлкені басқарып отырған білікті басшы меселімді қайтармас деймін.

Екі жұмалық демалыс тәнге біраз қуат дарытып, шипасын жұқтырғанының үстіне осындай ойға қамшы да болып отыр. Соның алғашқы қарлығашы – баспагер-жазушы, “Қазақ” газетін қайтадан шығарушы Қоғабай Сәрсекеевтің осы қызықты да ғибратты, басқа әкімдерге үлгі-өнеге болатындай бастама жайындағы ой-пікірлеріңізді жазып берсеңіздер, оны кітап етіп шығаруды мойныма аламын дегенінің өзі қандай ғанибет.

Ұлт зиялыларының басы қосылып, елге қажетті ой-пікірлерін тұжырымдау арқылы қазақ халқы өзінің жетелілігімен, парасаттылығымен, әдет-ғұрып өнегесімен жетіле берсін!